

**"Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2013-2015 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 1105 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2013 – 2015 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К. Мәсімов*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының  
Ұлттық қорынан 2013 – 2015  
жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы**

**1-бап.** Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2013 – 2015 жылдарға арналған республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферттің мынадай мөлшерлері бекітілсін:

2013	жыл	–	1	380	000	000	мың	теңге;
2014	жыл	–	1	188	000	000	мың	теңге;
2015	жыл	–	1	188	000	000	мың	теңге.

**2-бап.** Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2012 - 2014 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» 2011 жылғы 15 қарашадағы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 19, 146-құжат; 2012 ж., № 7, 54-құжат) Заңының күші жойылды деп танылсын.

**3-бап.** Осы Заң 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Президенті*

*Қазақстан Республикасының*